

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№72 (237), ақпан 2026 ж.

Тағылымды тұмар
еткен тұлға

8

Интернационалист
жауынгерлерге тағзым

14

Түлектер жолы
– болашаққа бағыт

18

Ғылым мен өндіріс тоғысқан жоба: Заманауи газобетон өндірісі зауыты іске қосылды

Зауыт Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының индустриялық аймағында орналасқан. Аталған маңызды жоба – ғылым, өндіріс және бизнестің өзара ықпалдастығының жарқын үлгісі. Бұл өндірістік нысан еліміздің құрылыс индустриясын дамытуға және өңір экономикасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Атап өту керек, өндірістік кешен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті құрамында ашылып отыр.



Зауыттың ашылу салтанатына университеттің ғылыми қауымдастығы, техника саласының өкілдері, Қазығұрт ауданының әкімі, ин-

весторлар мен сала ардагерлері, сондай-ақ студент жастар қатысты.


Салтанатты рәсімде сөз алған М.Әуезов атындағы ОҚЗУ Басқарма Төрағасы-ректоры Дархан Ахмед-Заки:

Бұл жоба – өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырып, жаңа өндірістік мәдениетті қалыптастыратын маңызды қадам. Баршаңызға мәлім, ғылым мен білім парадигмасы қашанда өзекті. Бұл тек сөз жүзінде ғана емес, енді Жаңа Конституцияда айқындалып, мықтап шегеленді. Жаңа Конституция жобасында



23-баптың 1-тармағында: «Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі», деп нақты көрсетілген. Міне, осындай саяси жаңғырудың арқасында осындай ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп отырмыз. Бүгінгі өндірістік кешен алдағы уақытта ел өркендеуіне айрықша үлесін қосады, - деп атап өтті.

Сонымен қатар зауыттың салтанатты ашылу рәсімінде құттықтау сөз алған Қазығұрт ауданы әкімі Азизхан Исмаилов пен инвестор компания басшысы Байғали Төлепбергенов газобетон өндіріс кешенінің маңызына тоқталып, университет ұжымына алғыстарын білдірді. Зауыт кешенінің ашылу барысында Әуезов университеті инвесторлармен және құрылыс компанияларымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қой қойылды.



Академиялық ұтқырлығы жөніндегі комиссия отырысы өтті

Оқу ордасында 2025-2026 оқу жылының көктемгі семестрінде университеттің бюджеттен тыс қаражаты және білім алушылардың жеке қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысатын білім алушыларды іріктеу жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Іріктеу академиялық үлгерімі, шет тілін меңгеру деңгейі және серіктес университеттердің білім беру бағдарламаларына сәйкестігі ескеріле отырып, конкурстық негізде жүргізілді.

Академиялық ұтқырлық университеттің шетелдік жоғары оқу орындарымен жасалған қолданыстағы халықаралық келісімдері аясында жүзеге асырылады. Студенттердің шетелде білім алуы академиялық және ғылыми байланыстарды кеңейтуге, мамандар даярлау сапасын арттыруға және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді.

Білім алушылар Бельгия, Германия, Польша, Испания, Малайзия, Қытай және ТМД елдеріндегі серіктес университеттерде білім алады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті серіктестік географиясын жүйелі түрде кеңейтіп, халықаралық білім беру тәжірибесін алуға ұмтылатын студенттерді қолдайды.



Шымкент қаласының бас полицейі студенттермен кездесті



Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Мұхтар Жұмабайұлы Қожаев «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Жастар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында студенттермен ашық форматта кездесу өткізді.

Кездесуде университеттің Басқарма төрағасы - ректоры Дархан Ахмед-Заки Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты жастар тәрбиесіндегі маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар оқу орнында студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру, заң талаптарын сақтау, интернет алаяқтықтың, буллингтің, есірткі

және өзге де зиянды әрекеттердің алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

Кездесу барысында Мұхтар Қожаев жастар арасында кездесетін құқық бұзушылықтардың құқықтық жауапкершілігіне жан-жақты тоқталып, олардың жастар болашағына тигізетін зардаптарын нақты мысалдар арқылы түсіндірді.

Маңызды кездесуде студенттер әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті, жеке деректердің қауіпсіздігі және интернет кеңістігіндегі қауіп-қатерлерге қатысты өздерін толғаңдырған сауалдарын қойып, нақты әрі мазмұнды жауап алды.

«AUEZOV STARS» II маусымын бастады



Асыға күткен, студент жастардың жүрегіне жол тапқан «Auezov Stars» жобасының II маусымы салтанатты түрде шымылдығын түрді.

Салтанатты кешке қатысқан университеттің әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Ғани Бесбаев жобаның аз уақыт ішінде-ақ жастар үшін талант пен шығармашылықтың, өнер мен бірліктің тоғысқан алаңына айналып үлгергенін ерекше атап өтті. Кештің құрметті қонағы - Шымкент қалалық Жастар саясаты басқармасы басшысы Азамат Бұқарбайұлы де жобаның жастарға берері мол екенін жеткізіп, оны болашағы зор бастама деп бағалады.

Жастар орталығының директоры Ерасыл Анарханұлы жобаның алғашқы маусымында 200-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 5 мыңға жуық студент белсене қатысқанын жеткізіп, биыл жобаға ниет білдірушілер санының айтарлықтай артқанын тілге тиек етті.


Жобаның алғашқы кезеңі сәтті өтті, жалпы 5 кезең болады.

«Жас талант»: Университетте тегін білім алуға мүмкіндік береді

Университетімізде Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша орта білім беру мектептерін бітіруші оқушыларға арналған «Жас Талант» шығармашылық өнер конкурсы өтіп жатыр.

Конкурста шығармашылық білім бағдарламалары тобын таңдаған дарынды және талантты оқушылар екі кезеңнен өтеді. Қатысушылар театр өнері, мәдени-тынығу жұмысы, сән дизайны, хореография, бейнелеу өнері, сәулет, журналистика, көркем еңбек және сызу өнері, дене шынықтыру, музыкалық білім бағыттары бойынша бағын сынауда.

Олимпиаданың нәтижесі бойынша жеңімпаздарға оқуға түскенде оқу ақысына I - орынға 100% (12 орын), II - орынға 75% (12 орын), III - орынға 50% (12 орын) жеңілдіктер қарастырылған.



Eurasia Foundation (from Asia) гранты аясындағы оқу курсы басталды

Университетімізде «Орталық Азия елдерінің интеграциялық үдерістері» атты халықаралық оқу курсы өз жұмысын бастады. Жоба университеттің Халықаралық ынтымақтастық департаменті мен «Саясаттану» кафедрасының бірлескен бастамасымен жүзеге асырылып, Eurasia Foundation (from Asia) қорының гранттық қолдауына ие болды.

Ашылу дәрісін қор директоры доктор Чанг Джун Кон «Why a New Community now?» тақырыбында өткізіп, өңірлік интеграцияның өзекті мәселелерін талқылады. Сонымен қатар дәріске доктор Чан

Бенг-Сун қатысып, мазмұнын халықаралық академиялық тәжірибемен толықтырды.

Курс 2026 жылғы 24 сәуір мен 5 маусым аралығында жалғасады. Бағдарлама аясында Жапония, Оңтүстік Корея және АҚШ елдерінен шақырылған ғалымдардың қатысуымен онлайн және офлайн форматта омнибус дәрістер өткізу жоспарланған.

Жоба Орталық Азиядағы өңірлік интеграцияның саяси, экономикалық және мәдени қырларын зерделеуге бағытталған және студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.



Ардахан университетінің профессоры студенттерге дәріс оқыды

«Филология» факультетінің «Журналистика және қазақ тілі» және «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедраларына «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне шетелдік мамандарды оқытушылық қызметке тарту» бағдарламасы шеңберінде Түркия Республикасының Ардахан университетінің «Адамзаттық ғылымдар және әдебиет факультеті» профессоры Мустафа Шенел арнайы іссапармен келді. Ол университетте 2026 жылғы 14-26 ақпан аралығында болады.

Профессор филология факультетінің студенттеріне дәріс оқып, семинар өткізіп және ғылыми-әдістемелік кеңес береді. Сонымен қатар ғылыми жобаларға жетекшілік жасап, түркітану және тіл білімі саласындағы тәжірибесімен бөлісіп, білім алушылардың кәсіби деңгейін арттыруға үлес қосады.

«Мұқағали мәңгілік ғұмыр» атты рухани кеш өтті

Білім ордасында мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби-сазды кеш өтті.


Іс-шара Сәулет, құрылыс және көлік факультетіне қарасты

«Техникалық мамандықтарға арналған орыс тілі» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м. Гульназ Парменкулованың жетекшілігімен ұйымдастырылды. Кеш бағдарламасы TED-style ой бөлісу, поэзиядағы сырлас жүректер, ашық микрофон

сынды мазмұнды бөлімдерден тұрды.

СМ-25-5к1 тобының студенттері ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, оның өмірі мен туындыларынан сахналық қойылымдар көрсетті, сонымен қатар күмбірлеген күй тартылып, әсем ән мен би орындалды. Өздері шығарған арнауларын оқып, шығармашылық құрметін білдірді.

Ақпараттық білім беру орталығының қолдауымен өткен рухани кеш жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, көрермендер тарапынан жоғары бағаланды.



Қауымдастырылған профессор профессор (доцент) ғылыми атағы берілді

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2026 жылғы 12-ақпандағы №87 бұйрығымен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті,

философия докторы (PhD) Батырбекқызы Гауһарға 60100 - «Тарих және археология» ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағы берілді.

Ғылыми атағыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!



«Жаңа Конституция жобасында адамды мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде тану идеясы жатыр»

Қазіргі кезеңде Қазақстан үшін конституциялық-құқықтық реформалар елдің болашағын айқындайтын стратегиялық маңызы бар қадамға айналды. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – мемлекеттің құқықтық негіздерін заман талабына бейімдеу ғана емес, ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтеру. Құқық үстемдігі мен әділеттілік қағидаттарын орнықтыру арқылы мемлекет қоғаммен өзара сенімге негізделген жаңа қатынас моделін қалыптастыруға ұмтылуда.



Жаңа Конституция жобасы жекелеген баптарды түзетумен шектелмей, мемлекеттің құқықтық табиғатын түбегейлі қайта пайымдауға бағытталған. Негізгі өзгерістердің өзегінде адамды мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде тану идеясы жатыр. Бұл – Қазақстанда адамға бағдарланған мемлекет моделін орнықтыруға жасалған жүйелі қадам.

Конституциялық реформа адамды мемлекеттің негізгі құндылығы ретінде тану идеясынан бастау алады. Бұл тәсіл азаматтың қадір-қасиеті, ар-намысы мен еркін дамуы мемлекеттің басты басымдығы болуға тиіс екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жаңа конституциялық өзгерістер адамның табиғи құқықтарын кеңейтуге және оларды қорғаудың нақты тетіктерін бекітуге бағытталған.

Қолданыстағы Конституциямен салыстырғанда жаңа жоба адам құқықтарын мемлекеттің барлық қызметінің басты өлшемі ретінде бекітеді. Мемлекет өз функцияларын азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыратын тетік ретінде айқындалады.

Реформа аясында билік институттарының қызметі қайта қарастырылып, олардың ашықтығы мен есептілігіне ерекше мән берілуде. Заң шығару, атқарушы және сот билігінің өзара тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін жетілдіру арқылы азаматтардың құқықтарын бұзуға жол бермеу мақсат етіледі. Мұндай қадамдар құқықтық мемлекеттің іргетасын нығайта түседі.

Адам құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесі сотқа қолжетімділікпен тікелей байланысты. Сондықтан конституциялық деңгейде әрбір азаматтың әділ сот талқылауына, білікті заң көмегіне және өз құқықтарын қорғаудың заңды тәсілдерін пайдалануға құқығы күшейтіліп отыр. Сонымен қатар адамның қылмыстық процестегі кепілдіктерін арттыру, кінәсіздік презумпциясын нақтылау

және құқық қорғау органдары қызметінің заңдылығын қамтамасыз ету реформаның маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі заманның басты ерекшелігі – цифрлық технологиялардың қоғам өмірінің барлық саласына енуі. Осыған байланысты азаматтардың цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қорғау мәселесі де конституциялық деңгейде назарға алынуда. Жаңа редакцияда жеке өмірге қол сұқпау құқығы цифрлық кеңістікке тікелей таралады. Бұл азаматтардың жеке деректерін қорғау, ақпараттық қауіпсіздік және онлайн ортадағы құқықтарын сақтау мәселелерін конституциялық деңгейде шешуге мүмкіндік береді.

Конституциялық өзгерістер қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге де бағдарланған. Әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау, білім мен денсаулық сақтау салаларының қолжетімділігін арттыру, әйелдер мен балалардың құқықтарын күшейту – реформаның адамға бағдарланған сипатын айқын көрсетеді. Мемлекет әрбір азаматтың әлеуметтік жағдайына қарамастан, тең мүмкіндіктерге ие болуын көздейді.

Екі палаталы парламенттен бір палаталы Құрылтайға көшу заң шығару жүйесін ықшамдауға бағытталған. Бұл заң жобаларын қабылдау мерзімін қысқартып, рәсімдердің айқындылығы мен ашықтығын арттыруға жағдай жасайды.

Адвокатураның дербес конституциялық институт ретінде танылуы – азаматтардың білікті заң көмегі алу және сот арқылы қорғалу құқықтарын нақты кепілдендіретін маңызды қадам. Бұл өзгеріс әділ сот төрелігінің сапасын арттыруға тікелей ықпал етеді.

Жаңа Конституция жобасы Қазақстанда құқық үстемдігіне негізделген, ашық және жауапты мемлекетті қалыптастыруға бағытталған кешенді реформа болып табылады. Ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттің қызметін азамат мүддесіне бағдарлап, адам құқықтарын қорғау

удың жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етуге негіз қалайды.

Сонымен бірге, конституциялық-құқықтық реформаның табысты жүзеге асуы тек нормаларды қабылдаумен шектелмейді. Ең маңызды мәселе – олардың нақты өмірде тиімді қолданылуы. Осы тұрғыдан алғанда, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру, мемлекеттік органдар қызметінің сапасын арттыру және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту ерекше маңызға ие. Заң үстемдігі қағидаты қағаз жүзінде ғана емес, күнделікті қоғамдық қатынастарда нақты көрініс табуға тиіс.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру реформаның тағы бір маңызды бағыты болып табылады. Азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі, заңды құрметтеуі және құқықтық тетіктерді дұрыс пайдалана алуы – демократиялық қоғамның негізгі белгілерінің бірі. Осыған байланысты құқықтық ағартушылық жұмыстарын жүйелі жүргізу, білім беру бағдарламаларына адам құқықтары бойынша тақырыптарды кеңінен енгізу, жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру – өзекті міндеттердің қатарында.

Бүгінде бұл реформаларға қатысты әлеуметтік желілерде қызу пікірталастар жүріп жатыр. Кәсіби заңгерлер, саясаттанушылар және белсенді азаматтар ұсынылып отырған өзгерістерді талқылап, өз көзқарастарын білдіруде. Бірі реформаларды құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам деп бағаласа, енді бірі жекелеген нормаларды іске асыру тетіктерін нақтылау қажеттігін алға тартады.

Әлеуметтік желілердегі сараптамалық пікірлер мемлекеттік шешім қабылдау процесінде маңызды кері байланыс орнату көзіне айналуға мүмкіндік береді. Бұл азаматтардың өз елінің болашағына бейжай қарамайтынын, құқықтық реформаларға белсенді қатысуға дайын екенін аңғартады. Ашық пікір алмасу арқылы реформалардың сапасын арттыруға мүмкіндік туады.

Азаматтық қоғам институттарының рөлі де күшейе түсуде. Қоғамдық бірлестіктер, кәсіби қауымдастықтар және сарапшылар тобы құқықтық реформалардың мазмұнын талқылап, ұсыныстар енгізу арқылы заң шығару процесіне белсенді қатысуда. Мұндай өзара ықпалдастық құқықтық саясаттың халық мүддесіне сай қалыптасуына жағдай жасайды.

Осы тұрғыда реформаның табысты іске асуы көп жағдайда кадрлық әлеуеттің сапасына да тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және заңгер мамандардың кәсіби даярлығы неғұрлым жоғары болса, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктері де соғұрлым тиімді жұмыс істейді. Сондықтан заңгерлік білім беруді жаңғырту, үздіксіз кәсіби даму жүйесін қалыптастыру және құқық саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау реформаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен бірге, жас мамандарды тәрбиелеу ісінде жоғары оқу орындары мен тәжірибелік құрылымдар арасындағы өзара байланысты күшейту ерекше мәнге ие.

Қорытындылай келе, адам мен азаматтың құқықтары саласындағы конституциялық-құқықтық реформа – Қазақстанның демократиялық даму жолындағы жүйелі әрі ұзақ мерзімді қадамы. Оның табысты жүзеге асуы мемлекет пен қоғамның бірлескен жауапкершілігіне байланысты. Әділеттілікке негізделген, адамды ардақтайтын құқықтық мемлекет құру – баршамыздың ортақ мақсатымыз.

**ЖӘНІБЕКОВ А.Қ.,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ
Басқарма мүшесі,
ғылыми жұмыс және
инновациялар
жөніндегі проректоры,
PhD докторы, профессор**

«Конституция Республики Казахстан как правовая ценность»



Происходящее в настоящее время широкое и бурное обсуждение проекта новой Конституции Республики Казахстан, разработанного на основе анализа предложений граждан, экспертов, политических партий, общественных организаций, показывает достаточно высокий уровень правового сознания большинства казахстанцев, их равнодушное отношение к судьбе Родины.

все закрепленные (или которые будут закреплены) в конституции институты выражают видение желаемой социально-политической системы страны (как, например, переход к однопалатному Парламенту, создание

новой платформы общенационального диалога и др.). Наша Конституция закрепляет свою систему общественных ценностей и нацелена на то, чтобы на её основе формировались соответствующие воззрения каждого члена общества. Конституцию необходимо рассматривать и как предметную, и как субъектную ценность.

Надо чётко и недвусмысленно понимать (несмотря на имеющиеся место спекуляции на эту тему), что проект новой Конституции никоим образом не отрицает устоявшуюся казахстанскую государственность, сформированный годами международный авторитет государства, и все его приоритеты. Новая Конституция должна приумножить эти достижения в новых условиях, в том числе за счёт нового терминологического аппарата и закрепления новых правовых институтов.

Важным посылом для всех учебных заведений (и думается для всех семей) является утверждение светского характера системы образования и воспитания в контексте разграничения религии и государства. Данная норма, кроме указанных целей, направлена на предупреждение проявлений религиозного экстремизма в стране.

Не менее серьёзным представляется закрепление понятия брака, как добровольного и равноправного союза мужчины и женщины. Данная норма, кроме чисто юридических сторон этого института, предполагает решение морально-нравственных проблем, в том числе повышение роли женщины как хранительницы очага, «сердца семьи», исключение любых форм дискриминации.

Красной нитью через проект проходит провозглашение и обеспечение прав и свобод человека в качестве основного приоритета государства. Конституция как форма, источник права — это основа не только порядка, но и свободы. Свобода в рамках правовой системы означает доверие к гражданину и его возможностям, уважение его мнения. Конституция учит нас привыкать к доверию, уважению со стороны государства.

В этом плане необходимо отметить, что Конституцию характеризуют верховенство её в правовой системе государства, прямое действие закреплённых в ней норм, обеспечение правового статуса человека, установление основ жизнедеятельности общества и государства, что служит фундаментом для построения всех отраслей права, закрепление системы государственных органов и порядка осуществления публичной власти, соответствие деятельности государственных органов и государства в целом её предписаниям, стабильность правового регулирования и в то же время необходимость отвечать насущным потребностям общественного развития.

В ходе обсуждения и внесения поправок, изменений и дополнений в Конституцию, важно понимать, что надо не затеряться в массе мелочей или большом разнообразии борющихся мнений, подойти к этому вопросу с научной точки зрения, не забывая основной исторической связи, смотреть, как появилась наша Конституция, какие главные этапы в своём развитии она прошла и с точки зрения современных реалий, какой она может предстать, как правовая ценность. Действующая Конституция Республики Казахстан сыграла свою положительную роль в формировании новой государственности на современном этапе исторического развития.

Конституция Республики Казахстан отражает господствующие в данном обществе в конкретных исторических условиях ценности и представляет собой юридический фундамент для существования этих ценностей (суверенитет и Независимость, унитарность, территориальная целостность, принципы справедливости, закона и порядка, права и свободы человека и гражданина как основной приоритет государства и другие, в том числе вынесенные на обсуждение). Конституция просто не может не быть идеологическим - в смысле мировоззренческим - документом. Ведь практически каждое её слово,

Проект новой Конституции не меняет её основы - провозглашение Республики Казахстан демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы; децентрализация власти при усилении роли, самостоятельности, взаимодействия и ответственности всех ветвей государственной власти; обеспечение верховенства Конституции и конституционной законности при верховенстве Права.

В данной связи Президент Республики Казахстан Касым - Жомарт Токаев абсолютно точно характеризует достоинства Конституции: «Конституция Казахстана, вобрав в себя лучший мировой опыт и практику, а также исторические и национальные традиции, служит прочным фундаментом единства народа Казахстана и независимости нашего государства».

НУРТАЗИН Е.К.,
доцент кафедры «Государственно -
правовые дисциплины»
кандидат юридических наук



Шекарасыз білім: академиялық ұтқырлық тәжірибесі

«Ветеринарлық медицина» кафедрасында ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары жүйелі әрі белсенді түрде жүзеге асырылуда. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық алмасуы Н.В. Парахин атындағы Орел мемлекеттік аграрлық университеті, Оренбург мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Халықтар Достығы университеті, Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті, Самарқанд мемлекеттік ветеринарлық медицина және биотехнология университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті сынды жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестік аясында жүргізіледі.

Сонымен қатар, білім алушыларға арналған тәжірибеден өту туралы келісімшарттар жасалып, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуға мүмкіндік берілуде. Кафедра жұмысына Logo e.v. Одағы (Шығыс Еуропадағы ауыл шаруашылығы мен экологиялық тепе-теңдікті қолдайтын коммерциялық емес қауымдастық) серіктес ретінде тартылып, оның жетекші ғалым-профессорлары, жоғары оқу орындарының өкілдері, шаруа қожалықтары мен мекеме мамандары қатысады.

Аталған келісім аясында Германия Федеративтік Республикасындағы Bundesagentur für Arbeit арқылы шаруа қожалықтарында тәжірибеден өту қарастырылды. Шығыс Еуропадағы ауыл шаруашылығы және экологиялық тепе-теңдік ұйымының (Союз FOOO) жетекшісі Хартвиг Менненнің қолдауымен «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың 17.04.2024 жылғы №471-с бұйрығына сәйкес Аграрлық факультеттің 6B09111 – «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі оқу бөлімінің 3-4 курс студенттері 2024 жылғы 26 сәуір – 25 қазан аралығында Германияның Хойзенштамм, Дюрен, Гайхлинген, Эберн, Хеттинген қалаларында ауыл шаруашылығы бағытындағы өндірістік практикадан өтіп келді.

Тәжірибе кезеңінде білім алушылардың оқу жоспары онлайн форматта жалғастырылып, академиялық талаптардың толық сақталуы қамтамасыз етілді.

Практикадан өтіп келген студенттер:

Сабырәлі Батыйхан Аманәліұлы (АП-21-8к1 тобы) – Radspitzhof Backer GbR шаруа қожалығы, Marktrodach қаласы, Бавария жері (Jade қаласы).

Тағай Руслан Маратұлы – Ingo Fabricius шаруа қожалығы,

Wittmund қаласы, Төменгі Саксония; сондай-ақ Grapz Gichtner шаруа қожалығы, Хеттинген қаласы, Германия.

Рсымбетов Тұрар Есетұлы (АП-21-8к тобы) – Ingo Fabricius шаруа қожалығы, Wittmund қаласы, Төменгі Саксония.

Досжанова Нурай Ерсайиновна (АП-22-8к1 тобы) – Christoph Vochoeder шаруа қожалығы, Дюрен қаласы, Германия.

Мардангол Захида Захер Аллахқызы (АП-22-8к2 тобы) – Heinrich шаруа қожалығы, Baden-Württemberg жері, Германия.

Қалдарбек Бағжан Бекжанұлы (АП-23-8к1 тобы) – Ewald Hobbie шаруа қожалығы, Wangerland қаласы, Германия.

Германия еліндегі (Bundesagentur für Arbeit) шаруа қожалықтарына практикаға барған студенттер

Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ базасында ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алушылардың өзара алмасуы жүзеге асырылуда.

Аталған бағдарлама бойынша:



Үшкөмпір Диана Абайқызы – 6B09111 «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасының мемлекеттік грант негізінде білім алатын, 2 курс (АП-24-8к2 тобы) студенті 2025/2026 оқу жылының күзгі семестрінде (2025 жылғы 2 қыркүйек – 2026 жылғы 31 қаңтар) жоғары оқу орындары арасындағы өзара білім алмасу негізінде Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ-да білім алды.

2025/2026 оқу жылының күзгі семестрінде, яғни 2 қыркүйек – 31 қаңтар аралығында жоғары оқу орындары арасындағы өзара білім алмасу негізінде төмендегі студенттер білім алуға келді:

Санақбек Мағжан Дулатұлы

Махметов Илияс Манасұлы

Тлеулес Аян Ерболұлы

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінен келген білім алушылар 6B09111 – «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша, АП-22-8к1 тобының 4 курс студенттері ретінде оқыды.

Бұл академиялық ұтқырлық 02.09.2025 – 31.01.2026 мерзімін

қамтып, тиісті бұйрық негізінде жүзеге асырылды.

Университет, факультет және кафедра басшылары, сондай-ақ топ тәлімгерлерімен академиялық ұтқырлық аясындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Күнделікті оқу үдерісі, ғылыми-зерттеу, өндірістік практика, семинарлар және білім алушылардың кәсіби дамуына қатысты өзекті мәселелер бойынша онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы жүйелі түрде кеңестулер мен пікір алмасулар ұйымдастырылуда.

Халықаралық ынтымақтастықты нығайту және ғылыми коллаборацияны дамыту мақсатында кафедра халықаралық қысқы және жазғы мектептер, сондай-ақ халықаралық дөңгелек үстелдер мерзімді түрде ұйымдастырылып келеді.

ТҰТҚЫШБАЙ И.А.
«Ветеринарлық медицина»
кафедрасы
Академиялық ұтқырлық
бағдарламасына жауапты: В.Г.К.,
доцент

Этнографические заметки о казахах в наследии М.С.Бабаджанова

На нынешнем этапе общественно-экономического развития Республики Казахстан остро стоит вопрос правдивого изучения и объективной оценки прошлого, представляющего перед нами в целом искаженном ракурсе. В настоящее время значительный интерес представляет оценка роли той или иной личности и их роли и месте в мировой истории. Несомненно, что это может быть достигнуто лишь на основе расширения и анализа источниковедческой базы, применения новых теоретико-методологических подходов и рассмотрения данной проблемы в углубленном историческом формате.

Одной из актуальных проблем исторической науки Казахстана является исследование жизни и деятельности ряда известных казахстанских исследователей середины XIX века, оставивших яркий и неизгладимый след в мировой истории. В середине XIX века на историческую арену взошла первая яркая когорта казахской национальной интеллигенции в лице Ч.Ч.Валиханова, И.Алтынсарина, А.Кунанбаева, М.Тяукина и многие другие. К ним можно отнести и известного казахского исследователя историка, этнографа уроженца Букеевской орды М.С. Бабаджанова.

К сожалению, его имя было предано на долгие годы забвению в период укрепления советской тоталитарной системы. Никто не осмеливался упоминать его имя, боясь нарушить вето, опасаясь за собственную жизнь. И только в 1966 году выдающийся казахстанский ученый этнограф Э.А.Масанов в своем солидном и ценном труде «Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР», изданном в Алма-Ате в 1966 году впервые обратил пристальное внимание и интерес к этой яркой исторической личности и его роли и месте в мировой истории.

М.С.Бабаджанов является современником Ч.Ч.Валиханова их удивительные судьбы и пути идентичны, духовные интересы схожи, оба занимались просветительством, знакомя русскую и мировую общественность с достижениями и успехами своего народа. Огромный вклад в полной реабилитации имени М.С.Бабаджанова сыграл известный краевед, профессор Н.П. Ивлев, который по архивным материалам и документам смог восстановить в целостном ракурсе социальный портрет данного ученого, проследить его сложный и тернистый путь, дать анализ его немногочисленным трудам.

В 60-х годах XIX века в столичных газетах и «Записках Русского географического общества» были напечатаны публикации М.С.Бабаджанова, они представляли познавательный интерес для читателей того времени, способствовали взаимопониманию и сближению в культурном плане русского и казахского народов. В своих трудах данный исследователь осветил некоторые неизученные аспекты и проблемы этнографии казахского народа. В его статьях содержатся ценная научная информация о некоторых сторонах жизни, быта и культуры казахов Букеевской орды.

Как отмечал Э.А.Масанов: «В 1850-1860-х годах в Оренбургском крае жил и работал известный казахский этнограф М.С.Бабаджанов уроженец Букеевской орды. Он окончил Азиатское отделение Оренбургского кадетского корпуса в 1851 году. 11 лет прослужил в Пограничной комиссии и вышел в отставку в 1862 году. Он в конце 1850 годов по своей инициативе вступил в тесные научные контакты с Русским географическим об-

ществом и стал регулярно отправлять в адрес общества свои статьи, заметки, археологические и этнографические предметы. В 1861 году Совет общества по отделению этнографии избрал его своим членом – сотрудником, а через год наградил серебряной медалью. Известный российский востоковед В.В.Григорьев, лично знавший М.С.Бабаджанова, считал его весьма способным и замечательно развитым человеком» // Э.А.Масанов Очерк истории этнографического изучения казахского народа в ССР. Алма-Ата, 1966. С. 169.

Как отмечалось, выше на заседании Совета по отделению этнографии, 20 февраля 1861 года его избрали в действительные сотрудники общества. В его трудах освещались самые разнообразные вопросы из жизни казахов, состояние и история просвещения казахского народа, взаимоотношения казахов с русскими и уральским казачеством. Как вспоминал известный дореволюционный российский исследователь Харузин А: «Наконец, как известного деятеля, способствовавшего исследованию Букеевской орды, следует упомянуть киргиза хорунжего Ходжу Мухаммед Салиха Бабаджанова, советника Временного совета. Он неоднократно снабжал разные журналы своими интересными статьями, из них мне известны следующие « О каменной бабе, найденной в киргизской степи», «Охота во Внутренней орде», «Лошади и их испытания во Внутренней орде» и другие» // Харузин А Киргизы Букеевской орды (Антрополого – этнологический очерк. Москва, 1889. С.10.

В статье «О каменной бабе, найденной в киргизской степи», автор описывает событие 18 июня 1862 года близ песков Джангыз –Чагых, где было найдено изображение женщины из белого камня. Он подробно описывает каменное изваяние: «В небольших барханах на поверхности бугра из сыпучего песка лежит статуя, имеющая человеческую фигуру, вытесанная из простой известковой каменной плиты, толщиной в 1,4 аршина. Положение ее было лежачее, вверх лицом и головой обращено к востоку, различные части тела выделаны в несоответствующих между собой размерах, так, например, голова и щеки необыкновенной величины, грудь и плечи несообразно широкие, стан и руки тонкие и длинные». // М.С.Бабаджанов Сочинения. Сборник статей 1861-1871 гг. Алматы, 1996. С. 60.

В статье « Лошади и их испытания во Внутренней орде», М.С.Бабаджанов дает подробное описание лошади, разьясняет ее повадки, нрав, породу, их роль и место традиционному быту номадов. Он пишет: «Правильность или удовлетворенность телосложения или склада лошади признается киргизами весьма различно, смотря по роду назначения или употребления лошадей. К сожалению, природа и человеческая практика, до настоящего времени, еще не создали такой лошади, которая могла бы вполне соответствовать всем требованиям или слу-

чаям употребления этого полезного животного. Притом и познание лошади составляет такую мудреную тайну, такую трудную науку, которая не дается легко, и которая не всегда достигается верно, определительно и скоро. Их общая порода, разделяются на сорта или виды, своеобразно способностям или годности их для того или другого назначения» // М.С.Бабаджанов Сочинения. Сборник статей 1861-1871 гг. Алматы, 1996. С. 32.

В публикации «Охота во внутренней киргизской орде» М.С.Бабаджанов в колоритной форме описывает охоту киргизов Букеевской орды на степных волков. Автор отмечает: « Несмотря на немногочисленность волков, киргизы их крепко недолюбливают, но ловят их, как я уже сказал, не ради охотничьей прихоти, и даже не с целью добычи их шкур, а единственно для сохранения своего скота» М.С.Бабаджанов Сочинения. Сборник статей 1861-1871 гг. Алматы, 1996. С. 48.

В своей статье «Путешествующие киргизы» П. Небольсин упоминает одного из видных казахских этнографов М.С.Бабаджанова. Он пишет: «В августе 1860 года в Петербурге побывало путешествовавшие по России киргизы их было 15 человек. В Москве они намеревались пробыть пять суток, и оттуда намеревались вернуться обратно. Из молодых киргизов, особенно привлекает на себя внимание советник «Временного совета управления Внутренней ордой, хорунжий и кавалер Мухаммед Салих Караулович Бабаджанов, мужчина 25 лет, с правильным, не скуластым, не матовым и несколько темноватым лицом, с прекрасными большими глазами, и с черными волосами, он изящно владеет русской речью, говорит бойко и красноречиво, несмотря на духовность своего происхождения, он закончил свое образование в Неплюевском кадетском корпусе и носит казачью форму» // П.Небольсин путешественники киргизы. Современная летопись Русского вестника. Том 29. Москва, 1860. С. 44.

На наш взгляд, оценки П.Небольсина весьма справедливы, обоснованы с научной точки зрения и соответствуют реалиям того времени.

Таким образом, следует отметить, что М.С.Бабаджанов внес существенный вклад в развитие этнографии своего народа. В его трудах в полном ракурсе представлена трудовая жизнь народа, его культура и быт, специфические особенности и национальный колорит кочевой цивилизации, нужды и чаяния кочевников, их стремление к новшествам и назиданиям. Он сумел отразить горячую любовь народа бескрайным степным просторам.

КОСАНБАЕВ С.К.,
к.и.н., доцент ЮКУ им. М.Ауезова
САПАРБЕКОВА Б.Р.,
магистр истории ЮКУ им. М.Ауезова

ТАҒЫЛЫМДЫ ТҰМАР ЕТКЕН ТҰЛҒА

Адам ғұмырының тағылымға толы әрбір кезеңі кейінгі ұрпақ үшін зор өнеге. Жақсылыққа қадам басып, еңбекпен елге танылу – екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт. Соның ішінде ұрпақ тәрбиесі ұрпаққа ұлағат болып, ғалым мен ұстаздықты қатар алып жүру – нағыз ерен тұлғаға лайықты іс.



Сондай айтулы тұлғаның бірі – педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдары Академиясының академигі, Халықаралық Педагогикалық Білім Беру Ғылымдары Академиясының академигі, Дизайнерлердің Қазақстандық Одағының мен ҚР Суретшілер Одағының мүшесі – Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы.

Садыбек Қалмаханұлы 1966 жылы Қаратау етегіндегі қасиетті Бәйдібек жерінде дүниеге келген. Орта мектепті тамамдаған соң, 1984-1986 жылдары Кеңес Әскерінің қатарында борышын өтеді. Талапты жас әуелде еңбек жолын Шымкент қаласындағы Орталық саябақта суретші болып бастады. Кейіннен аға суретші қызметін атқарды.

1987 жылдан 1992 жылға дейін М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында оқып, «Бейнелеу өнері, сызу және еңбек пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шықты.

1992 жылы, өзі бітірген оқу орнының «Сурет» кафедрасына оқытушы болып қабылданды. 1995-1998 жылдары аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыды. 1998 жылы «Өнер» факультеті деканының орынбасары, 2003 жылы Х.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-нің Шымкент филиалы «Өнер» факультетінің «Киім дизайны» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды.

2000 жылы Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығып, 2006 жылы Қазақстан Республикасының ЖАК-де қайта аттестациялаудан өтті.

2004 жылы ақпан айынан бастап М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Кескіндеме және дизайн» кафедрасы-

ның меңгерушісі қызметін атқарды.

2010 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

2012 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры болып тағайындалды. 2013 жылдың наурыз айынан бастап М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің ректор кеңесшісі, 2018 жылдың қаңтар айынан Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, 2019 жылдың желтоқсан айынан бүгінге дейін М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Басқарма мүшесі, Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор болып қызмет атқаруда.

Дана халқымыз:

Еңбек етсең еленерсің,
Еңбегіңе кенелерсің,
Есің жиып етек жауып,
Елге жетіп теңелерсің –
деп бекер айтпаған. Садыбек Қалмаханұлы мұнан кейінгі жылдарда «Дизайн» және «Кескіндеме» мамандықтарының магистранттарына дәріс оқып, зертханалық және тәжірибелік жұмыстар жүргізеді, магистранттардың диссертациялық жұмыстарына жетекшілік етеді. Әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Қазіргі таңда, Дизайн және Бейнелеу өнері мамандықтарына арналған 200-ден ғылыми және әдістемелік жұмыстарын дайындап, жариялады, 2 монография, 5 альбом-монография, 5 оқу құралының, 5 кейс, сонымен қатар, 6 электрондық кітаптың авторы. Университеттің оқу бағдарламасына инновациялық технологияларды енгізу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. «Өнертану» және «Арнайы сурет және композиция» оқу құралдары жа-

риялау байқауының жеңімпазы болып, аталған оқу құралдары жарық көрді. 50-ден астам магистрлық диссертациялар мен 1 кандидаттық диссертациясына жетекшісі болды. Шал ақын айтқандай:

Бір жігіт бар – құр жан,
Бір жігіт бар – тірі жан,
Бір жігіт бар – жігіт жан,
Құр жан дейтін жігіт –
кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді.

Тірі жан дейтін –
бар тапқанын киім мен асқа сатар,
жақын көрген досын жатқа сатар,
Қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып,

әркімді бір сықақ қылар;
Жігіт жан дейтін жігіт –
Сегіз қырлы, бір сырлы болар –

деп, Сәдібек Қалмаханұлы нағыз сегіз қырлы бір сырлы азамат. Бүгінде ол өзінің тынымсыз еңбегінің жемісін жеп отырған азамат. С.Бейсенбаев 2006 жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінен алғыс хатымен; 2013 жылы қазан айында Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен; 2013 жылы «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-не 70 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен; 2015 жылы ҚР Дизайнерлер Одағының төсбелгісімен; 2015 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен; 2016 жылы ҚР Суретшілер Одағының «Ә.Қастеев» атындағы алтын төсбелгісімен; 2017 жылы ОҚО Еңбегі сіңгені үшін медалімен; 2017 жылы ҚР білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен; 2018 жылы «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-не 75 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен; 2020 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл мерекелік төсбелгісімен, 2021 жылы Бәйдібек ауданының құрметті азаматы атағымен, 2022 жылы ҚР Президентінің Алғыс хатымен, 2025 жылы «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

С.Қ.Бейсенбаевтың қоғамдық қызметтері де ұланғайыр дерліктей. Ол дизайнерлердің Қазақстандық одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қалалық филиалының директоры ретінде қоғамдық қызмет атқарады. 2004 жылы М.Әуезов атындағы ОҚУ жанынан Шымкент қаласында алғашқы, барлық талаптарға сай «Жетіасар» галереясын ашып, онда жыл сайын 10-15 жеке және топтық көрме ұйымдастырды. Галерея ашылуына орай қалада алғашқы дизайнерлер көрмесін өткізді.

2005-2012 жылдары жоғары сынып оқушылары арасында «Менің өнерім – менің болашағым» атты бейнелеу өнері бағытындағы көрме-байқауды ұйымдастырды, бұл жоба бүгінгі күнге дейін өз жалғасын табуда.

Ол Шымкент қаласы мен Түркістан облысы суретшілерінің шығармашылығына арналған өнертанушылық мақалалардың, сондай-ақ Қ.Т.Тастеміров, Ю.И.Ломакин, З.Қожамқұлов, С.Иляев сынды суретшілерге арналған альбом-монографиялардың авторы. Сәндік өнер шебері Ғ.Иляев пен қазақ гобелен өнерінің негізін қалаушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қ.Тыныбековтың мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми конференцияларды ұйымдастырған.

2015 жылдан бері Санкт-Петербург мемлекеттік өндірістік технология және дизайн университетінде өткізілетін ЖОО оқытушыларының шығармашылық көрмесінің қазылар алқасының мүшесі. 2021 жылы Ростов-на-Дону қаласындағы Сәулет және өнер академиясы ұйымдастырған «Сурет және графика» атты XIII Бүкілресейлік көрменің қазылар алқасының төрағасы болды.

Сондай-ақ шығармашыл студенттерге тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Оның жетекшілігімен студенттер Мәскеу, Санкт-Петербург, Ростов-на-Дону, Владивосток, Ташкент қалаларында өткен халықаралық көрмелерге, сондай-ақ Астана, Алматы, Тараз, Шымкент қалаларындағы республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

С.Қ.Бейсенбаевтың тікелей жетекшілігімен университеттің «Байдың балалары» КТК командасы 2018 жылдың чемпионы атанып, 2019 жылы Ресейдің Сочи қаласында өткен «КиВиН-2019» фестиваліне қатысты. «Мадмуазель» КТК командасы бірнеше республикалық және қалалық ойындардың жеңімпазы, 2025 жылдың финалисі атанды.

Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор ретінде С.Қ.Бейсенбаев қалалық әкімдікпен, республикалық, облыстық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарымен, мәдениет мекемелерімен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Шығармашылық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және ғылыми әлеуетінің арқасында Садыбек Қалмаханұлы оқытушылар мен білім алушылар арасында, сондай-ақ Шымкент қаласы мен Түркістан облысының шығармашыл зиялы қауымы ортасында зор беделге ие.

Бүгінде мерейлі 60 жасқа толған әріптесіміз С.Бейсенбаевты шын жүректен құттықтай отырып, азаматтың ел үшін атқарар игілікті қызметі ортаймай, алда алар асуы бұдан да биік, мерейлі бола берсін демекпіз!

**УРАЗБАЕВ Қ.М.,
«Тарих және педагогика»
факультетінің деканы,
Ф.ғ.к., доцент**

«СӨЗІМЕН ЖОЛ САЛҒАН, ІСІМЕН НАР БОЛҒАН АЗАМАТ»

Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі – қарапайымдылық екенін ерекше атап өткен. Оның: «Адамды ұлық ететін – оның байлығы емес, мінезінің қарапайымдылығы» деген дана сөзі – соның айғағы. Расында да, ұлылықтың өлшемі атақта не дәулетте емес, кішіпейілділік пен қарапайым бола білуде. Алайда мұндай қасиет екінің бірінің бойына дари бермейді. Қарапайымдылықты сақтап қалу, соны өмірлік ұстанымға айналдыру және сол арқылы жұрттың құрметі мен ықыласына бөлену – кез келген жанға бұйыра бермейтін бақ.

Осындай асыл мінезді бойына сіңірген тұлғалардың бірі – ұстаз-ғалым, бейнелеу өнері саласының білгір маманы, педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы. Оның өмір жолы мен еңбек жолындағы өнегелі белестерін тарқатып айтсақ.

«Тұлға болып қалыптасуымда ата-анамның қызметі көп»

Әрбір азаматтың болмысы мен елге қызмет ету жолындағы ұстанымы туған жердің қасиетті топырағымен тығыз байланысты. Садыбек Бейсенбаевтың өмір жолына зер салсақ, оның азаматтық келбетінің қалыптасуына ең алдымен туған өлкесі мен ата-анасының тағылымы әсер еткенін аңғару қиын емес.

Ол – Түркістан өңіріндегі әулие-батырлар шыққан Бәйдібек ауданының тумасы. Балалық шағы рухани тамыры терең Бестоғай ауылында өткен. Осындағы мектепте 5-сыныпқа дейін білім алған ол кейін отбасымен бірге аудандағы Алғабас совхозына қоныс аударады. Себебі, балаларының болашағы үшін алаңдаған ата-ана ауылда орта мектептің болмауына байланысты «балаларым үйден жырақ жүрсе сапалы білім ала алмас» деп қоныс аударуға бел буады. Бұл – олардың перзент қамын бәрінен биік қойғанының айқын көрінісі. Бала Садыбек оқуын Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепте жалғастырып,



оны 1983 жылы бітіреді. Болашаққа бастар жолдың оңай болмайтынын ол ерте түсінді. Бала күнінен еңбекке араласып, әкесінің жанында жүріп жұмыс істейді. Қарапайым ауыл тіршілігі мен маңдай тердің қадірін сезіну – оның мінезін шыңдап, жауапкершілікке баулыды.

Садыбек Бейсенбаев өз әңгімесінде: «Ата-анам қарапайым жандар. Әкем – Қалмаханның, анам Әлиманың біздің, яғни ұл-қыздарының тұлға тұлға болып қалыптасуымызға көп ықпал етті», – деп олардың адал еңбегі мен мейірімі оның өмір жолына айрықша әсер еткенін атап өтті. Жоғары білім алар тұста да ата-анасы тағы бір мәрте үлкен қадамға барады. Балалары жоғары білім алсын, ешкімге алаңдамасын деген ниетпен өздері туып-өскен ауылын тастап, қалаға қоныс аударады. Бұл – ата-аналық махаббатың, перзент болашағына шексіз сенім артқанын айғақтайды.

Кейіпкеріміздің бала күнінен бойына дарыған суретшілік қабілеті оның өмір жолын айқындаған ерекше қасиет болды. Қиялы ұшқыр жас жігіт 1984-1986 жылдары Кеңес Әскерінің қатарында азаматтық борышын өтеп жүргенде де өнерден қол үзбейді. Әскери бөлімдегі клуб меңгерушісі қызметін атқарып, сарбаздардың рухын көтеруге өз үлесін қосады. Оның шығармашылық дарыны темірдей тәртіп орнаған ортада да жарқырап көрінді. Әскерден оралған соң жоғары оқу орнына түсемін деген ниеті сәтсіз болып, еңбек жолын Шымкент қаласындағы Орталық саябақта суретші болып бастайды. Қылқаламға деген адалдығы мен жұмысқа деген жауапкершілігінің арқасында аз уақыт ішінде кәсіби шеберлігі көрсетіп, бес-алты айдан кейін-ақ бас суретші дәрежесіне көтеріледі.

Өнерге деген іңкәрлік оны білім мен ғылым жолына жетеледі. 1987-1992

жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының «Көркем сурет, графика» факультетінде білім алып, ұстаздық жолды таңдады.

«Ұстазы жақсының – ұстанымы биік»

Садыбек Қалмаханұлының ғылым мен білім жолындағы табысты қадамдарының артында тағдыр тоғыстырған тағылымды ұстаздар тұр. Ол педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Ералиндей парасат иесімен жолығып, өмірлік бағыт-бағдар алды. Онымен алғашқы кездескен кезі оқуға түсер алдындағы (Қ.Ералин ол кезде декан қызметін атқарды) сұхбаттасуда шығармашылық жұмыстарын ұсынғанда-ақ жылы қабылдайды. Мектеп бітірген соң төрт жылдан кейін студент атанған Садыбек пен факультет ұстаздарының арасында





шығармашылық байланыс басым болды. Өйткені ұстаздардың көпшілігі Садыбектің шеберханасында үнемі бас қосатын. Сол кездегі «Сурет» кафедрасының меңгерушісі Айдар Қамбарұлы Ниязов Садыбекке өзі білім алған оқу орнында оқытушылық қызметке қалу туралы ұсыныс жасап, 1992 жылы жас маман ретінде қалдырылады. Кейіннен Айдар Қамбарұлы «Өнер» факультетінің деканы болған тұста өзінің орынбасары етіп тағайындап, төрт жылдай бірге факультетті жоғары деңгейге көтерді.

Ал ұлағатты ұстаз-ғалым Қуандық Ералыұлы шәкіртіне ғылыми

ізденістің қыр-сырын үйретіп, үлкен ғылым жолына жетелейді. Бұл – шәкіртке артылған сенім мен ұстаз көрегендігінің айғағы еді. Жас маман үшін бұл үлкен жауапкершілік, әрі жаңа белес болатын. Ғылымға деген құштарлық нәтижесінде 1995–1998 жылдары аспирантураның күндізгі бөлімінде оқиды. Онда аспирантурада білімін жетілдіріп, өнер педагогикасының ғылыми негіздерін терең меңгерді. Ізденіс пен табандылықтың арқасында 2000 жылы Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясын, ал 2010 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Бұл – оның ғылымдағы жүйелі еңбегі мен рухани төзімінің жемісі. Садыбек Қалмаханұлы «Осындай биік белестердің әрқайсысында ұстазым Қуандық Ералынның тәлімі мен қолдауы айрықша орын алды» деп өзінің ұстазға деген құрметін жеткізді.

«Мәдени-рухани өмірге сілкініс әкелді»

С.Қалмаханұлы 2004–2012 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. «Бұл кезең – шығармашылық пен ғылымды қатар өрістеткен, ізденіс пен ілгерілеуге толы жылдар ретінде есімізде қалды» - дейді әріптестері. Білікті басшы, жаңашыл ұй-

ымдастырушы әрі ізденімпаз ғалым ретінде ол кафедра жұмысына тың серпін беріп, оның кәсіби деңгейін жаңа белеске көтерді.

Осы жылдары кафедраға мықты мамандар тартылып, білім беру сапасы арта түсті. Нәтижесінде небәрі екі-үш жылдың ішінде студенттер халықаралық байқауларда топ жарып, оқу орнының абыройын асқақтатты. Жаңа мамандықтар ашылып, шығармашылық ізденіске кең жол ашылды.

2005 жылы кафедра жанынан «Жетіасар» көркемсурет галереясының ашылуы – мәдени-рухани өмірдегі айтулы оқиға болды. Галереяда жылына оннан астам жеке және топтық көрме ұйымдастырылып, суретшілердің өнері көпшілікке жол тартты. Сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысындағы суретшілер қауымдастығымен байланыс нығайды. Қазақстан Суретшілер одағының мен Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшелері де көрмелерге қатысып, аталған кафедра шығармашылық ортада өз орнын айқындады.

Сол жылдар туралы «Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Айдарәлі Төленұлы тебірене еске алады. «Бұл жылдар – тоқырау кезеңі еді. Мекемелерде жалақы болмай, жұртшылықтың еңсесі түскен шақ болды. Әйелдер ерлерге қараған, ер азаматтар елге

қараған уақытты бастан өткердік. Көпшілігі кәсіп іздеп, басқа салаға кетіп жатты. Бірақ Садыбек секілді азаматтар күндіз-түні еңбек етіп, жастарға тәрбие берді, жоғары оқу орнының дамуына бар күш-жігерін салды. «Көкірегінде көзі бар, Көпке өнеге сөзі бар, сөзі – соқпақ, өзі – нар», – деген тәмсіл сөз Садыбектей нар азаматтарға арналып айтылған».

Расымен де, қиындыққа мойымаған, рухани жауапкершілікті бәрінен биік қойған азаматтың табандылығы сол кезеңде айрықша танылды. Қарапайым еңбекті қадір тұтқан, өнер мен білімге адалдық танытқан С.Қалмаханұлының басшылығы кафедраны сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтере білді.

Садыбек Қалмаханұлы – жоғары білім беру саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, оқу орнының дамуына елеулі үлес қосқан білікті басшы.

Ұстаз-ғалым 2012 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры болып тағайындалып, студенттердің жан-жақты дамуына бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізді. Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесін күшейтуге басымдық беріп, жастар саясатының тиімді жүзеге асуына ықпал етті.

Университетте патриоттық, мәдени-көпшілік іс-шаралардың тұрақты өтуін қамтамасыз ете





отырып, Студенттік ұйымдардың белсенділігін арттыруға жағдай жасады. Әрдайым студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған бастамаларды қолдап, жатақхана, материалдық көмек, әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіруге үлес қосты. Студенттер мен оқытушылар арасындағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал етті.

Атап өтерлігі, тәрбие бағыты бойынша атқарған үлкен жұмыстарының бірі – жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік мәселелер және тәрбие жөніндегі проректорларға арналған I Республикалық тәлімгерлер форумын ұйымдастыруы еді. Бұл бастама еліміздің жоғары білім беру кеңістігіндегі тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтеруге, тәжірибе алмасуға және ортақ құндылықтарды нығайтуға бағытталды. Және де сол кезеңдерде оқу ғимараттарындағы, ҚазХТИ дәуірінен сақталып келген ақпараттық стендтер толықтай жаңартылып, заманауи талаптарға сай безендірілді. Барлық көрнекі материалдар мемлекеттік тілде рәсімделіп, білім ордасының рухани-мәдени келбеті айшықталды.

2019 жылдың желтоқсан айынан бүгінге дейін М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры болып қызмет атқаруда. Аталған қызметте университеттің қоғаммен байланысын нығайтты. Аймақтық және республикалық деңгейдегі мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға же-

текшілік етті. Оқу орнының имиджін көтеруге, беделін арттыруға үлес қосып, БАҚ-пен тиімді байланыс орнатты.



Садыбек Қалмаханұлының басқарушылық қабілеті, ұйымдастырушылық шеберлігі мен жастар тәрбиесіне деген жанашырлығы оқу орнының дамуына, тәрбиелік ортаның қалыптасуына және университеттің қоғамдық беделінің артуына зор әсер етті.

Ақпаратқа ашық басшы

Садыбек Қалмаханұлы оқу ордасында басшылық ететін саланың

бірі – қоғаммен байланыс бағыты. Өзім медиа саласында еңбек еткендіктен басшының қызықты да күрделі саладағы еңбегін, өмірлік

тәжірибесін, өнеге ететін қырларын айтып өтуді жөн санадым.

Бұл – үлкен жауапкершілік пен стратегиялық ойлауды талап ететін сала. Ол осы міндетті кәсіби біліктілікпен, байыпты парасатпен атқарып келеді. Университеттің толағай табыстарын елге уақтылы әрі мазмұнды жеткізе білуі – оның ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Сондықтан болар бүгінде республика және өңірдегі қалам ұстаған журналистер қауымы арасында С. Бейсенбаевтың абырой-беделі айрықша.

Себебі ол – ақпарат айдынында ашықтықты ту еткен, сөз бен істің арасына сызат түсірмейтін басшы екенін күнделікті жұмыс барысында көреміз. Өңірдегі үлкен оқу ордасы болғасын журналистер, студенттер, бұқара халықтан болсын, проблемалармен келіп жатады. Осындай кезде көтерілген өзекті мәселені кейінге ысыра салмай, дер кезінде екі тарапты да бір үстел басына жинап, шешім табуға ұйытқы болуы – үлгі аларлық қасиет.

Иә, ғалым-ұстаз, беделі биік басшы Садыбек Бейсенбаев М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ширек ғасырға жуық абыройлы еңбек етіп келеді. Университет тарихында, отандық ғылым мен білім саласында өз қолтаңбасы бар тұлға. Сонымен қатар, шығармашылық салада талантты жастардың дарынын көре білетін, әр шәкірттің қабілетін шыңдап, өнер жолында қанатын қақтырған, шәкіртке бай әрі шәкірттерімен мақтана алатын, ұлағатты ұстаз ретінде дараланады.

Сізді ұжымның атынан 60 жылдық мерейтойыңыз құттықтаймын! Ұрпаққа берері тәжірибеңіз, ғылымға қосар үлесіңіз ортаймасын!

Айгүл КЕРІМБАЙҚЫЗЫ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің
Медиа орталығының басшысы,
журналист



Өнер мен өнегені серік еткен ұстаз-ғалым

Қазақ бейнелеу өнері мен өнер педагогикасының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым, суретші, ұлағатты ұстаз, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек Қалмаханұлы Бейсенбаев биыл 60 жасқа толып отыр. Осы мерейлі межеде өнер мен ғылымды қатар өрбітіп, ұрпақ тәрбиесіне бар ғұмырын арнаған ғалым-ұстаздың тағылымды еңбегі мен шығармашылық болмысына құрмет көрсету – университет ұжымы үшін үлкен мәртебе.



Мерейтой аясында «Өнер және жасанды интеллект: заманауи мәдениеттің визуальды жаңа парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция бейнелеу өнері мен дизайн саласында кәсіби тәжірибе алмасуға, ғылыми-зерттеу нәтижелерін таныстыруға, шығармашылық пен білім берудің болашақ даму бағыттарын айқындауға арналды. Сонымен қатар жиын барысында Садыбек Бейсенбаевтың педагогика, өнер және дизайн салаларындағы ғылыми-шығармашылық еңбегі кеңінен насихатталды.

Алқалы жиынға Қазақстандағы танымал суретшілер, дизайн саласының өкілдері, еліміздегі ЖОО өкілдері, сонымен қатар Ресей, Өзбекстанның жетекші оқу орындарының беделді ғалымдары қатысты.

Жиында академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ернар Иманғалиев Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің және университеттің Басқарма Төрағасы-ректор

Дархан-Ахмед Закидің мерейтойлық құттықтауын жеткізді.

Онлайн байланысқа шыққан мемлекеттік оқу ағарту университетінің «Сурет және кескіндеме» кафедрасының профессоры С. Аманжолов; Ресей білім академиясының академигі, Ресей Өнер академиясының құрметті академигі, профессор, Ломов С.П.(Ресей); Ресей халықтар достығы университетінің тұрақты даму орталығының директоры Жукова М.Е; Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры Игнатъев С.Е; Ресей Суретшілер Одағының мүшесі, костюм дизайны институтының директоры Гамаюнов П.П., Ресей Өнер академиясының корреспондент-мүшесі, п.ғ.к., доцент, Ресей дизайнерлер Одағының мүшесі Пустозерова О.В. конференцияның маңыздылығына тоқталып, С.Қалмаханұлының ғылымға қосқан еңбектерін атап өтті.

Ғылыми басқосуда Садыбек Қалмаханұлының ұстазы Ломакин Юрий Ивановичке арнаған «Суретші-пе-


дагог Юрий Ломакин» монографиясының тұсауы кесілді.

Бұл альбом-монографияда жоғары оқу орны саласының көркемдік білім беру бағытында 40 жылдан аса қызмет еткен суретші-педагог Юрий Иванович Ломакинның шығармашылық жұмыстары зерделеніп, суретшінің қыл қаламынан туындаған шығармашылық жұмыстары топтастырылған. Автор суретшінің әрбір шығармашылық жұмысын өнертанушы ретінде саралап, жіктеп өз бағасын берген.

Альбом-монография мәдениет пен өнер бағытындағы ұстаз-оқытушыларға, осы сала студенттеріне және өнерсүйер қауымға, жалпы көпшілікке арналған.

Осылайша, мазмұны терең, тағылымы мол конференция Садыбек Қалмаханұлы Бейсенбаевтың өнер, ғылым және ұстаздық жолдағы өлшеусіз еңбегін тағы бір мәрте айқындай түсті. Ұйымдастырылған іс-шара ғалым-ұстаздың шығармашылық болмысы мен ғылыми мұрасының өміршеңдігін көрсетіп, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық рухани сабаққа айналды. Бұл мерейтой – бір тұлғаның ғана емес, тұтас университет қауымдастығының ортақ мақтанышы.

Алпыс жылдық мерейлі белесіңіз құтты болсын, қадірлі Садыбек Қалмаханұлы! Сізге зор денсаулық, сарқылмас шабыт, ғылыми және шығармашылық ізденістеріңізге толағай табыс тілейміз. Өнер мен білім жолындағы абыройлы қызметіңіз әрдайым ел игілігіне жарап, шәкірттеріңізбен, ізбасарларыңызбен жалғасын таба берсін. Алар асуыңыз биік, шығармашылық жолыңыз жарқын болғай!



Құттықтау сөз

Құрметті Садыбек Қалмаханұлы! Сізді 60 – тың асқаралы шыңына шыққан кемел сәтіңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Шығармашылық, ғылыми, педагогикалық және басқарушылық қызметтердің барлығын шебер ұштастыра отырып, іргелі оқу орнымыздың абыройлы, беделді тұлғасына айнала білдіңіз! Университеттің сыртқы әлеммен байланысуы, республикамыздағы жоғары оқу орындарының арасындағы айшықты орнын ала білдіңіз. Сіз білімді іскерлікпен басқарып отырған саланың маңызы өте жоғары. Өйткені, мәдениет – адамилық тұлғаның қалыптасқандылығының негізі көріністерінің бірі.

Сонымен бірге, Сіз өте жаңашыл жансыз. Мысалы, қоғамымыздың санасын 5 жыл бойына сілкіндіріп өткен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын алғаш қолдап, арнайы орталықтың ашылуына себепкер болған едіңіз. Бүгінгі таңда университет студенттеріне отанымыздың идеологиялық бағыт-бағдарын таныстырып, тәрбиелеуге сүбелі үлесін қосып отырған «Тұлға дамыту және ҚХА» орталығының қайнар бастауында Сіз тұрдыңыз!

Құрметті, Садыбек Қалмаханұлы сізге жұмысыңызға табыс, отбасыңызға амандық тілеймін.

Құрметпен, т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Тұлға дамыту және ҚХА» орталығының басшысы Гүлнар Жанысбекова



Халықаралық әріптестік – аграрлық ғылымды дамытудың берік негізі

Университетіміз халықаралық ынтымақтастықты жүйелі түрде кеңейтіп келеді. Осы бағыттағы кезекті маңызды қадам ретінде оқу орнының басшылығы Эгирдир-Ыспарта қаласынан (Түркия) келген Жемістер ғылыми-зерттеу институты (MAREM) жетекші ғалымдар делегациясымен ресми кездесу өткізді.



Келіссөздерге академиялық мәселелер жөніндегі проректор, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор, Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры, Интернацияландыру және рекрутинг департаментінің директоры, Аграрлық факультеттің деканы, сондай-ақ «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы қатысты.

Кездесу барысында тараптар білім беру бағдарламаларын үйлестіру, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және академиялық ұтқырлықты дамыту мәселелерін талқылады. Университет басшылығы Түркияның М.Әуезов атындағы ОҚУ үшін агроөнеркәсіптік кешен саласындағы стратегиялық серіктес елдердің бірі екенін атап өтті. Ал MAREM институтының селекция мен қарқынды бау-бақша бағытындағы озық тәжірибесі Қазақстанның оңтүстік өңірі үшін айрықша маңызға ие екені айтылды. Өз кезегінде Эгирдир ғалымдары Аграрлық факультеттің ғылыми әлеуетіне жоғары баға беріп, ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға дайын екендіктерін білдірді. Кездесу соңында тараптар алдағы уақытта өзара ынтымақтастықты ресми түрде бекітетін келісім дайындау жөнінде ортақ шешімге келді.

«Университет – Ғылым – Бизнес» тиімді моделі

Халықаралық бағдарлама аясында MAREM институты мен «Атамекен» ҰКП ғалымдарынан құралған делегация Аграрлық факультеттің студент-



тері мен оқытушыларымен бірге өңірдің бағбандық саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі – «Dala Fruit» ЖШС өндірістік алаңдарында болды.

Көшпелі сабақ студенттер үшін толыққанды шеберлік сабағына ұласты. Экскурсия барысында қатысушылар тамшылатып суару және фертигация жүйелерімен, бақтарды зиянкестер мен климаттық қатерлерден қорғау тәсілдерімен, ағаштарды кесу және қалыптастыру әдістерімен, сондай-ақ газ ортасы реттелетін заманауи жеміс қоймаларының жұмысымен танысты. Мұндай технологиялар өнімді келесі маусымға дейін сапасын жоғалтпай сақтауға мүмкіндік береді.

«Dala Fruit» мамандары өндірістік тәжірибелерімен бөліссе, түрік ғалымдары сорттық құрамды жетілдіру мен өнімділікті арттыруға қатысты нақты ұсыныстарын ортаға салды. Бұл тәжірибе «Университет – Ғылым – Бизнес» форматының тиімділігін айқын көрсетіп, еңбек нарығы талаптарына сай білікті кадрлар даярлауға жол ашатынын дәлелдеді.

«Қайнар бұлақтағы» тәжірибелік сабақтар

Халықаралық делегацияның жұмысы университеттің эксперименттік полигоны – «Қайнар бұлақ» оқу шаруашылығында жалғасын тапты. Көшпелі жұмыс кездесуіне Аграрлық факультеттің деканы, қауымдастырылған



профессор Гүлнара Тастанбекова, «Өсімдік және мал шаруашылығы» кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы, бітіруші курс студенттері және MAREM институтының ғалымдары қатысты.

Бұл сапар халықаралық алмасу бағдарламасының логикалық жалғасы болды. Егер бұған дейін делегация өнеркәсіптік кәсіпорынның тәжірибесін зерттеген болса, енді университеттің өз оқу полигонының жай-күйіне мониторинг жүргізіп, студенттерге арналған практикалық сабақтар өткізді. Түрік мамандары бақты аралап, көктемгі кесу және жеміс дақылдарын қорғау бойынша кәсіби ұсынымдар берді.

Г.Р. Тастанбекованың жетекшілігімен студенттер MAREM институтының шетелдік әріптестері қолданатын далалық зерттеу әдістерін тәжірибе жүзінде меңгеріп, халықаралық стандарттарға сай практикалық білім алды.

Осылайша, университет пен халықаралық серіктестер арасындағы ынтымақтастық аграрлық ғылымды дамытуға, білім беру мазмұнын жаңғыртуға және өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін арттыруға жаңа серпін беріп отыр.

ТАСТАНБЕКОВА Г.Р.,

«Аграрлық» факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор, ҚР Ұлттық аграрлық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі

Интернационалист жауынгерлерге тағзым

1989 жылғы 15 ақпан — XX ғасырдың геосаяси тарихында айрықша орын алатын күн. Бұл күні Кеңес Одағының соңғы әскери бөлімдері Ауғанстан Демократиялық Республикасының аумағынан толықтай шығарылды. Он жылға созылған Ауған соғысы осылайша ресми түрде аяқталып, адамзат жадында ауыр сабақ ретінде қалды. Биыл Ауғанстан жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына 37 жыл толды.

Ресми деректерге сәйкес, Ауған соғысына Кеңес Одағынан 600 мыңнан астам азамат қатысқан. Соның ішінде 15 мыңнан астамы қаза тауып, 50 мыңға жуық адам жарақат алды. Қазақстаннан 22 мыңнан аса жауынгер Ауғанстан жерінде әскери борышын өтеді. Өкінішке орай, 900-ге жуық қазақстандық боздақ туған елге оралмады. Бұл сандардың әрқайсысы отбасы үшін орны толмас қасірет.

1989 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерінің соңғы легі Амудария өзенінен өтіп, шекарадан шықты. Сол сәтте Кеңес армиясының қолбасшысы Борис Громовтың «Ауғанстанда бірде-бір кеңес солдаты қалған жоқ» деген сөзі айтылды. Бұл мәлімдеме әскери операцияның аяқталғанын ғана емес, Кеңес Одағы жүргізген сыртқы саясаттың да күйреуін аңғартқан символдық мәлімдеме болды.

Ауған соғысы — тек әскери немесе саяси оқиға емес, ол тұтас бір буынның тағдырына әсер еткен әлеуметтік құбылыс. Соғыстан оралған жауынгерлер бейбіт өмірге бейімделуде үлкен қиындықтарға тап болды. Көпшілігі дене жарақатымен қатар, өмір бойына созылатын психологиялық күйзеліс арқалап келді. Ұзақ уақыт бойы олардың ерлігі мен көрген азабы қоғам назарынан тыс қалып келді.

Тәуелсіз Қазақстан үшін Ауған соғысына тарихи тұрғыда әділ баға беру — маңызды міндет. Бүгінде 15 ақпан — интернационалист-жауынгерлерді еске алу күні ретінде атап өтіледі. Бұл күн — өткенге тағзым, қаза тапқандардың рухына құрмет, тірі ардагерлерге көрсетілер алғыс.

Қазіргі таңда елімізде ауған соғысының ардагерлері қоғамдық өмірге белсене араласып, жас ұрпақты Отанды сүйуге, бейбіт өмірдің қадірін түсінуге тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келеді. Осындай ардагерлер қатарында Раимбердиев Кидирали Тангирбердиевич, Умбетов Талап Муратбаевич, Жильгелдиев Ерғали Бекмаханұлы бар. Олар өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық рухын қалыптастыру мақсатында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті КеАҚ әскери кафедрасының жеке құрамымен бірлесіп өткізілетін іс-шараларға тұрақты түрде қатысып, тағылымды кездесулер мен тәрбиелік бағыттағы жұмыстарға белсенділік танытып келеді.

Раимбердиев Кидирали Тангирбердиевич – «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті» КеАҚ әскери кафедрасының аға оқытушысы, запастағы подполковник.

Ол Ташкент облысының Шыршық қаласында дүниеге келген. Осы қаладағы Мәншүк Мәметова атындағы №5 орта мектепті тәмамдағаннан кейін, 1981 жылы Ташкент жоғары әскери танк командирлерінің училищесіне оқуға түседі. 1985 жылы аталған оқу орнын ойдағыдай бітіріп, лейтенант әскери шенін алады. 1986 жылы Тбилиси қаласынан интернационалдық борышын атқару үшін Ауғанстан Демократиялық Республикасына жіберілген. 1986-1988 жылы аралығында Айбак қаласында 122 мотоатқыштар қатарында взвод командирі лауазымында қызмет етті. Міндеттері Айбак, Кундыз, Кабул, Полихумер, бағытында өтетін жанармай автомагистралін қорықтап күзету. Кундоз, Баглан, Файзабат, Шеберсан қалаларында маджахеттерге қарсы ұрыс әрекеттеріне қатысқан.

1988 жылы жоспарлы орын алмасумен Закавказ әскери округі, Таулы Қарабақ елді мекеніне қызметке жіберілді. 1989 жылы қызметін жалғастыруға Түркістан округы әскери Термез қаласына әскери қызметін жалғастыруға жіберілді. 2006 жылға дейін әртүрлі лауазымдарда қызмет етіп подполковник әскери шенімен зейнеткерлікке шыққан.



Умбетов Талап Муратбаевич әскери кафедрада маған бекітілген 351 оқу взводының студенті Ә.Муратбаевтың әкесі жайлы айттып кетсек.

Умбетов Талап Муратбаевич 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1987 жылы №7 орта мектепті тәмамдаған. Сол жылы Жамбыл құрылыс-гидромелиорация институтына инженер-механик мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1992 жылы аталған жоғары оқу орнын бітірді.

1992 жылы Қапшағай қаласында орналасқан әуе-десанттық әскерлер қатарына әскери қызметке шақырылды. Әскери борышын өтеу барысында Тәжік-Ауған аймағындағы және Таулы Қарабақтағы қарулы қақтығыстарға қатысқан.

1994 жылы әскери қызметін аяқтап, 1995 жылы Қызылорда индустриялық-аграрлық политехникумын тәмамдады. Қазіргі таңда жеке кәсіпкер ретінде еңбек етіп келеді.



Әскери кафедрамыздың оқытушысы запастағы подполковник А.Сексенбаев өзінің ағасы **Жильгелдиев Ерғали Бекмаханұлыны** ерекше құрметтеп, мақтан тұтады.

Е.Жильгелдиев 1967 жылы туылған. 1985 жылы 24 қазан айында әскер қатарына шақырылды. 1985 жылы 24 қазан мен 2 ақпан аралығында Түркіменстандағы Мары облысы Иолотань қаласында атқыштар полкінде даярлықтан өтті. 1986 - 1987 жылдар аралығындағы Ауғанстанда авторотада жүргізуші лауазымында борышын өтеді. Алдыңғы шептегі бөлімшелерді оқ-дәрілер мен азық-түлікпен қамтамасыз етті. 1987 жылы 30 қазанда еліне аман - есен оралды.



Соғыс ардагерлерінің әрбір тыртығы мен әрбір естелігі бізге «бейбітшілікті сақтаңдар» деген аманат іспетті. Уақыт емші десек те, сол жылдардың жарасы ел жадында мәңгі қалады. Ер есімі — ел есінде. Ардагерлерге тағзым ету арқылы біз ертеңгі күннің тыныштығына кепілдік береміз.

15 ақпан — тарихты еске алу ғана емес, болашақ үшін жауапкершілік жүктейтін күн. Соғыс — қайталанбауы тиіс. Ал бейбіт өмір — адамзат үшін ең қымбат құндылық. Сол құндылық жолында құрбан болғандардың есімі ел жадында мәңгі сақталуға тиіс.

АСАНОВ М.А.
«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КеАҚ әскери кафедрасының аға оқытушысы, запастағы подполковник

Жаңа технологиялар дәуіріндегі сұранысқа ие мамандықтар



Мектепті аяқтаған түлектер үшін болашақтағы мамандықты таңдау – өмірдегі ең жауапты әрі маңызды қадамдардың бірі. Цифрландыру дәуірінде өндіріс пен қоғамның дамуы адам еңбегін жеңілдететін, үдерістерді дәл әрі тиімді басқаратын технологиялармен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда автоматтандыру, телекоммуникация және басқару салалары – экономиканың барлық бағытына серпін беріп отырған стратегиялық маңызды бағыттардың бірі. Осы орайда болашақ инженерлер мен IT-мамандарын даярлайтын «Автоматтандыру, телекоммуникациялар және басқару» кафедрасы жастарға заманауи білім мен нақты тәжірибені ұштастыра отырып, сұранысқа ие кәсіби жолды таңдауға мүмкіндік береді.

«Автоматтандыру, телекоммуникациялар және басқару» кафедрасындағы мамандықтардың негізгі мақсаты – заманауи технологияларды пайдалану арқылы өндірістік және ақпараттық үдерістерді тиімді басқару, адам еңбегін оңтайландыру, жүйелерді дәлдігі мен сенімділігін арттыру болып табылады. Бұл сала автоматтандырылған және интеллектуалды жүйелерді жобалай алатын, басқара алатын әрі жетілдіретін білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Мамандықтардың бүгінгі күнгі өзектілігі әлемдік цифрландыру үдерісімен, Индустрия 4.0 тұжырымдамасымен, «ақылды қалалар», жасанды интеллект және заттар интернеті (IoT) секілді технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі таңда өндіріс орындары, телекоммуникация желілері, энергетика саласы мен көлік инфрақұрылымы автоматтандырылған басқару жүйелерінсіз тиімді әрі тұрақты жұмыс істей алмайды. Осы үдерістер автоматтандыру және басқару саласындағы білікті мамандарға деген сұраныстың жыл сайын артуына негіз болып отыр. Автоматтандыру, телекоммуникациялар және басқару бағыты өнеркәсіп, энергетика, көлік жүйелері, байланыс саласы, ақпараттық технологиялар және интеллектуалды жүйелермен тығыз байланысты. Бұл саланы меңгерген

мамандар өндірістік үдерістерді автоматтандыру, байланыс желілерін жобалау, ақпаратты басқару және бақылау жүйелерін құрастыру жұмыстарын атқарады.

Бұл мамандықтың ұсынатын мүмкіндіктері өте кең. Ең алдымен, түлектер түрлі салада жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады: ірі өндірістік кәсіпорындарда, телекоммуникация компанияларында, IT секторында, энергетика және көлік жүйелерінде, «ақылды» ғимараттар мен инфрақұрылым жобаларында. Сонымен қатар, бұл мамандық жоғары жалақы, тұрақты жұмыс орны және мансаптық өсуді қамтамасыз етеді.

Осы мамандыққа түскен студентті оқу барысында көптеген қызықты әрі пайдалы мүмкіндіктер күтеді. Алғашқы курстарда студенттер математика, физика, информатика, инженерлік графика сияқты базалық пәндерді меңгеріп, техникалық ойлау қабілетін дамытады. Кейінгі оқу жылдарында автоматтандыру жүйелері, телекоммуникация желілері, микропроцессорлық техника, бағдарламалау, басқару теориясы сияқты кәсіби пәндер оқытылады.

Оқу процесі тек теориямен шектелмей, зертханалық жұмыстармен, практикалық сабақтармен және өндірістік тәжірибемен ұштасады. Студенттер заманауи құрал-жабдықтармен жұмыс істеп, нақты өндірістік жағдайларға жақын жобалар орындау арқылы өз білімін тәжірибеде қолдануды үйренеді. Сонымен қатар, командалық жұмыс, жобалық қызмет және инновациялық ойлау дағдылары қалыптасады.

Аталған сала мамандары бағдарламалау негіздерін, электрондық құрылғыларды, цифрлық технологияларды, желілік жүйелерді және басқару алгоритмдерін игереді. Сонымен қатар, аналитикалық ойлау қабілеті, техникалық сауаттылық, жауапкершілік пен жаңашылдыққа ұмтылу бұл мамандықта табысқа жетудің негізгі талаптары болып саналады. Жоғары оқу орнында алынған теориялық білім практикалық тәжірибемен ұштасып, болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағыт бойынша білім алған түлектер байланыс операторларында, өндірістік мекемелерде, IT компанияларда, жобалау және техникалық қызмет көрсету орталықтарында, сондай-ақ мем-

лекеттік және жеке ұйымдарда еңбек ете алады. Сонымен қатар, автоматтандыру мен басқару саласы халықаралық деңгейде де жоғары бағаланады, бұл түлектерге шетелде білімін жалғастыруға немесе кәсіби қызметін жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда қоғамға ойлай алатын, технологияны меңгерген және өзгерістерге бейім мамандар қажет. Автоматтандыру, телекоммуникациялар және басқару мамандығы – тек білім алып қана қоймай, болашақты қалыптастыруға мүмкіндік беретін бағыт. Бұл сала сізге тұрақты жұмыс, кәсіби даму, халықаралық тәжірибе және өз қабілетіңізді толық іске асыру жолын ұсынады.

МҰСАБЕКОВА А.А.
«Автоматтандыру,
телекоммуникациялар және басқару»
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент

БАЙНАЗАРОВА И.К.
«Автоматтандыру, телекоммуникациялар
және басқару»
кафедрасының 1-ші курс докторанты



МАҢҒЫСТАУ - МАҢҒАЗ МЕКЕН

Тарқатып жырласам да, лайықтысың,
Арқалап елді тұрсың! Байыптысың!
Маңғыстау – сенсің асқар махаббатым,
Өзіңнен ұшталады сайып күшім.

Маңғаз ел! Мақтауыма сыяр ма екен?!
Қанша жұрт сенен келіп сый алды екен?!
Болғанмен махаббатым ел-жұртыма,
Болмайды сенен өзге ұям бөтен.

Тарихтың ойнақтайсың беттерінде,
Талай ұл атқа шапқан бөктерінде!
Сен шуақ сыйлағансың көп көңілге,
Жетелеп қалың жұртты текті өмірге.

Батыстың аспанысың, асқарысың,
Деректің өзің жайлы астары шын.
Адайдың таңды таңға ұратұғын,
Ешқашан аяқталмас дастанысың!

О, жерім, киелісің, киелісің,
Шөкпейтін шежіренің сүйегісің!
Әр қызың қадіріңді біледі де,
Әр ұлың тамырыңды сүйеді шын.

Теңізін толқытады тұла бойды,
Оны да ұлтым үшін мұра қойды.
Ойлаймын жатсам, тұрсам тек сен
жайлы,
Ойласам егер де мен бір-ақ ойды.

Құдайдан тілеуіңді тілегенмен,
Өзіңнен тастүлек боп түлегенмен,
Жеткізу қандай қиын саған деген,
Сәулелі сезімді бір өлеңмен.

Ақтаудың ақ шағылы көркем жері,
Толқындай тулай түсіп, өркендеді.
Каспийдің мөлдір суы терең тұнып,
Хас күйдің буыменен көкке өрледі.

Ақтауым, ақ арманым, теңіз кені,
Аласұрған көңілім сені іздеді.
Жағалауда жүретін бейбіт халық,
Өзіңді жұмақпенен егіз деді.

Қаншама пірлеріңнің ізі қалған,
Әр тасың қасиетін үзіп алған.
Тасқа ойып жазылған көне таңба,
Ерлікпен ұштасатан қызық арман.

Ақтаудың ақ орманын аңсап келем,
Мен сенен мағыналы мансап көрем.
Желбіреп тұр желкені арманымның,
Ұлы мекен, асқарсың,
шаршапты өрен.

Түбегің терең тарих, мұздай тұнық,
Киесі қалың жұрттың сыздайды ұлып.
Маңғыстау — қасиетті болғаныңнан,
Көрмеген ұл күрсініп, қыз қайғырып.

Ақтауым — алтын қала, жарқын қала,
Желменен төтеп берер салқынға да.
Қырында сұм тарихтың таңбасы бар,
Үлгі боп тұратұғын әр тұлғаға.

Азаттықтың ақ туы – айбарыңда
Тайталасқан дұшпанмен ойнадың ба?
Мұң жасырған көл де бар сенде ғажап,
Сыр жасырған шер де бар қайнарыңда.

Маңғыстау, маңғаз өлке, мұнарлысың,
Тарихын тас қашаған ұрандысың.
Ерлерің елге пана, тауға тұғыр,
Ұрпағың бар, сол үшін шыңарлысың.

Маңғыстау, сыр шертетін тастары да,
Алыптары айналған асқағына.
Дүлейлер дүбірлеткен далам осы -
Ұлылықтың айналған бастауына!

Маңғыстау - марғасқаның дүрсілі өткен,
Шөжегі де елім деп шыр-шыр еткен!
Қазақтықтың иісі аңқытады
Тұлпарыңның тұяғы тырсыл еткен!

Тоғыз жолдың торабы болған дала,
Ал, бүгінгі арайлы, арман қала!
Даланың үні болған дастандарды
Қияр ем өмірімді, тыңдауға да!

Күнбатыстан тұрағын тепкен елсің,
Әулие, әмбиелер өткен елсің.
Жалынды жас ұрпақтың санасына
Қашағаны жыр қашап кеткен елсің!

Маңғыстауым!
Тауың да маңғаз маған,
Балаң бар ма, өзіңе ән жазбаған?!
Адуынды ерлердің ұясысың
Маңғыстауда тұлпар жоқ алға озбаған!

Сыр шерткен шаңнан туған құйыны да,
Жампоздар жиылатын жиынына.
Жырауы термелетсе құлақ түрер
Батыстың беткейі де, қиыры да!

Баласы өткен қария баптауынан,
Жерінде кең кесіліп жатқан ұлан.
Бойыңа қазақылық сіңіресің
Бұл жердің суығынан, аптабынан.

Елі десе жүрегі сыздаған ел,
Серілері серттерін бұзбаған ел.
Қалың жұрты сақтаған қазақтықты,
Салт-дәстүрдің қаймағын бұзбаған ел.

Ордасына ұлылар тұрақтайды,
Қандасын, қарындасын жылатпайды.
Бұл-Маңғыстау!
Ұрпағы аман жүрсе,
Кіші жүздің жалауын құлатпайды!

Мекені болғанменен тектіліктің,
Өзіңде қуаныппын, тек күліппін.
Тым байсал рухыңменен айналайын,
Тұрасың алдын алып көп күдіктің.

Көңілім Маңғыстауға жетеді де,
Қосады ұлы орданы шекеріне.
Зекеттің не екенін түсінесің,
Бекеттің түнеп барсаң мекеніне.

Сен ғажап тұлғаларды шығарғансың,
Ең биік мінберменен мұнардансың.
Сәніңмен әр қырыңды шуақ қылып,
Тәңірден тағдырыңа нұр алғансың!

Маңғыстау, мәңгілік ел болашағы,
Ұрпағың да белеске жол ашады.
Сен берген рух пен күш жарқыраса,
Алаштың айбынына жарасады.

Өлеңді төгу бөлек, өру бөлек,
Дәл солай көңілді елге бөлу бөлек.
Сендегі көз тоймайтын сұлулықты,
Бар адам көзіменен көру керек.

Бақыт пен жақұттың да арасысың,
Жазылған жұмыр елдің жарасысың!
Жұмбақсың бар әлемнің даласы үшін,
Қымбатсың әр қазақтың баласы үшін.

Сырыңды түсінбесе кісілері,
Самал жел сабасына түсіреді.
Бақыттың не екенін бұл жалғанда,
Ақтауға барған адам – түсінеді.

Бабаның ақ үмітін орындасаң –
Жанардан жасты дағы көп ұрласаң –
Несіне жетісесің қарағым-ай,
Каспийге ұзақ түсіп, шомылмасаң.

Теңізін сені жақсы көргеніндей,
Жүрмін-ау жылуыңды мен де білмей.
Бас қосса атамекен қалалары,
Тұрасың төрден қарап өрлі өңірдей!

Құрметпен қараған жұрт алыбына,
Сөз байлап, сүйенеді сарыныңа.
Жақтауды білгенімен өзен-көлін,
Ақтауды мадақтайды балығы да.

Ғұмырды тау-тасыңда сүріп өтем,
Әрқашан қадіріңді тұғыр етем!
Алыстан ат дүбірі естілетін,
Бозжыра – боздақтардың жыры ма
екен?

Сен менің шабытымсың мағыналы,
Көңілім алыс кетсем сағынады.
Менсіз де сені ұлықтап тұрады елің,
Менсіз де ақындарың табылады.

Бірақ та сен биіксің басқалардан,
Тарихың тағылым боп тас та қалған.
Тауыңнан бір ерлікті көріп тұрам,
Қараған сайын сонау таспалардан.

Өзіңе өлең арнап, ән жазамын,
Тағдырдың кешсемдағы бар ғазалын.
Себебі біледі ғой өр өлкенің,
Қонақжай екендігін бар қазағым.

Бар қала сұрау керек сенен ақыл,
Себебі салтыңа да бөлек әтір.
Тасқының төккен сайын Каспий теңіз,
Дәстүрің дәріптеліп келе жатыр.

Батырлар туған мекен – қазыналы,
Өзіңнен бес дұшпан да ажырады.
Мән-жайды түсінгенде барлық ақын,
Сен жайлы том-том кітап жазылады.

Мұнайың – қазағымның асыл бағы,
Көмейде қуанышты жасырмады.
Жақұтым да өзіңсің жүректегі,
Бақытым да өзіңсің басымдағы.

Тау-тасың сондай сұлу, далаң тіпті,
Біршама байлығыңды бәрі аңдыпты.
Ғаламның адамдары расымен де,
Өзіңнен үйренсе екен адамдықты.



Әбішті дүниеге әкелгенсің,
Абылды жұртқа мынау әпергенсің.
Тұлғалар сенен түлеп шыққандыққан,
Бар елді сақтап тұрсың қатерден шын.

Шайырлар шабыттарын ағытады,
Жырлаймын бар нұрыңды тағы-тағы.
Арғымақ туса сенің баурайыңда,
Бәйгесін аламанның бәрі ұтады.

Жасай бер, өлеңімнің себепкері –
Басыңнан не өтпеді, не кетпеді.
Батыр жұрт жырға қосса ерлігіңді,
Таусылмас өзің жайлы деректері.

«Жеті жұрт» жайындағы аңызың бар,
Қалнияз дейтін жырау, абызың бар!
Нұрымның ұрпақтары өзіңде өсіп,
Ғұмырды Ақтау жайлы бәрі жырлар.

Жырау мен ақындардың мектебісің,
Өмір мен дәуірлердің өткелісің!
Қарсылас шығып жатса ақындарың,
Басына қаптап берер ет терісің.

Ақтандай бабаң жүрген ауылыңда,
Мұрындай маңғаз жүрген бауырыңда.
Солардың өлеңдерін сүйе оқиды,
Дауылың және жауған жауыныңда.

Сақтар өткен сақ мекен, мінезіңде –
Бір ғажап тектілік бар, біле жүр де!
Оғыздар мен қыпшақтар сенде сүріп,
Қалдырған бан іздерін бір өзіңде.

Сен десе төгіледі таңдайдан үн,
Жүрек те тәлім толған таңдайды өнін.
Көшемін азап болса Ақтау үшін,
Десем де алыстамын, шалғайдамын.

Намысты бермегенсің ешқашан да,
Алысқа жолды қашан бастасаң да.
Жүгі мен қара күшін жігеріңнің,
Білесің шумағыма қоспасам да.

Төгіліп шартараптың шапағаты,
Шарықтап жатса және атақ аты –
Тулайды Каспийінде айналайын,
Қазақтың саған деген махаббаты!

ТҰРҒЫН А.Ғ.
ФИ-25.5К тобының студенті

Қамқорлыққа толы қадам



Қайырымдылық – адамдарды бір мақсатқа ұйыстырып, мейірім мен жанашырлықты дәріптейтін асыл қасиет. Осындай ізгі ниеттен туған бастамалардың бірі университет қабырғасында жүзеге асты.



«Техникалық мамандықтар үшін практикалық орыс тілі» кафедрасының доценті Алтынбекова Гүлжан Құлжабайқызының ұйымдастыруымен «Жүректен жүрекке!» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңке университеттің «В» ғимаратында өтіп, келушілерге қолдан дайындалған ұн өнімдері, түрлі жеміс-жидек тәттілері, сергітетін сусындар мен табиғи шырындар ұсынылды. Жылы атмосферада өткен іс-шара көпшіліктің көңілінен шығып, белсенді қолдау тапты.

Қайырымдылық жәрмеңкесінен жиналған қаражат Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты «№2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына» (Абай көшесі, 33) қажетті тұрмыстық заттарды сатып алуға бағытталды. Атап айтқанда, орталықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға арналған жылытқыштар, үтіктер, фендер және өзге де күнделікті қажет құралдар алынып, мұқтаж жандарға нақты көмек көрсетілді.

«Ақпараттық технологиялар және энергетика», «Сәулет, құрылыс және көлік» жоғары мектептерінің студенттері сатып алынған тұрмыстық заттарды мүмкіндігі шектеулі жандарға өз қолдарымен табыстады. Олар – түрлі жарақаттар мен апаттардың салдарынан, сондай-ақ туа біткен кемістіктерге байланысты уақытша немесе біржола еңбек ету қабілетінен айырылған азаматтар.

Науқастардың жүзіндегі шынайы қуаныш пен ризашылық көпшілікті бейжай қалдырмады. Алғысқа толы жанарлар, толқудан еріксіз жасқа айналған сәттер жүрекке ерекше әсер етті.

Осындай сәттер ешбір жанды бейжай қалдырмауы тиіс. Қайырымдылықтың әрбір қадамы, тіпті ең кішкентай ұшқынының өзі де, міндетті түрде бір жүрекке үміт, бір жанға қуаныш сыйлайды. Қайырымдылық жасайық – бұл адамгершіліктің, жанашырлық пен мейірімнің айқын көрінісі.

«Кішкентай үлес – үлкен қуаныш»

«Техникалық мамандықтар үшін практикалық орыс тілі» кафедрасының аға оқытушысы Сугир Фариди Баймашқызы да «Кішкентай үлес – үлкен қуаныш» атты қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырды.

Жақсылық – жүректен басталатын ізгі қадам. Осы игі бастаманы қолдап, «Сәулет, құрылыс және көлік» факультеті мен «Химия, инженерия және биотехнология» жоғары мектебі студенттерінің күшімен қайырымдылық жәрмеңке өткізілді. Соның арқасында Шымкент қаласындағы мамандандырылған бөбектер үйі бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында қуыршақ театры шақырылып, арнайы сыйлықтар берілді.

Бұл күн балалар үшін шағын мерекеге айналды. Қуыршақ кейіпкерлері ертегі әлеміне жетелесе, бүлдіршіндердің шат күлкісі мен қуанышты жүздері жүректерге жылу сыйлады. Әрбір сыйлық – қамқорлықтың нышаны, әрбір сәт – мейірімнің айқын көрінісі болды.

Студенттер тек материалдық қолдау көрсетіп қана қоймай, балалармен бірге уақыт өткізіп, ойын ойнап, шынайы ықылас пен жан жылуын бөлісті. Осындай бірлік пен жанашырлықтың арқасында кішкентай үлес шын мәнінде үлкен қуанышқа айналды.





Түлектер жолы – болашаққа бағыт

Әуезов университетін тәмамдаған түлектер бүгінде елдің түкпір-түкпірінде түрлі салада табысты еңбек етіп жүр. Олардың жетістігі – қара шаңырақтың абыройы. Университет өз шәкірттерімен байланысын үзбей, тәжірибе алмасу мен тағылымды кездесулер арқылы рухани сабақтастықты жалғастырып келеді.

Филология факультетіне қарасты «Гуманитарлық мамандықтар үшін шетел тілі» кафедрасының аға оқытушыларының ұйымдастыруымен Шымкент қаласының білім беру, мәдениет, әлеуметтік және қоғамдық-саяси салаларында басшылық қызмет атқарып жүрген табысты түлектердің қатысуымен бірқатар тағылымды іс-шаралар өтті.

Атап айтсақ, университет қабырғасында қазақ руханиятының темірқазығы, ұлы ойшыл «Абай Құнанбайұлының» 180 жылдығына арналған «Абай және бүгінгі жастар» тақырыбында мазмұнды рухани кездесу ұйымдастырылды. Кештің құрметті қонағы – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті ректорының баспасөз хатшысы, абайтанушы, Мұхтартану ғылыми орталығының қызметкері, Филология факультетінің түлегі Әзімхан Исабек болды.

Кездесу барысында Әзімхан Исабек Абайдың «Китап тасдиқ» еңбегі негізінде ойшыл мұрасының мәні, бабалар жолы, ғылым мен ел алдындағы жауапкершілік, жастардың рухани дамуы жайлы терең ойларымен бөлісті. Сондай-ақ Абай мұрасын хатқа түсіріп, бүгінге жеткізуде өлшеусіз еңбек сіңірген Мүрсейіт Бікеұлы туралы тың деректерді ортаға салды. Айта кетейік, Абайдың 38 қара сөзін жеке ілім ретінде ғылыми айналымға енгізген жас ғалым 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Ең үздік абайтанушы» номинациясымен марапатталған.



Кафедра аға оқытушыларының ұйымдастыруымен «Білім беру саласындағы жасанды интеллект» тақырыбында да мазмұнды кездесу өтті. Басқосудың қонағы әрі спикері – М. Әуезов атындағы ОҚУ түлегі, Шымкент қаласындағы ADAN ЖШС мектебінің директоры Асылбек Кутжанович Башенов болды.

Спикер баяндамасында жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі рөлі, оны оқу үдерісінде тиімді қолдану жолдары және заманауи технологиялардың мүмкіндіктері туралы нақты мысалдармен бөлісті. Кездесу барысында қатысушылар ЖИ-ді білім беру саласында заң аясында пайдалану тәжірибелері жөнінде пікір алмасып, өзекті сұрақтарына жауап алды.

Келесі тағылымды кездесу М. Әуезов атындағы ОҚУ түлегі, Шымкент қаласындағы «Art school» ЖШС оқу орталығының бас директоры, Іскер әйелдер кеңесінің мүшесі Сайдуллаева Нилуфар Пахритдиновнамен «Қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлі» тақырыбында өтті.

Кеш барысында қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлін жан жақты ашу, олардың білім, экономика, саясат, мәдениет және мемлекеттік басқару салаларындағы белсенділігін қолдау, тұрмыстық зорлық зомбылыққа тосқауыл қоюдың тиімді жолдары талқыланды. Нилуфар Пахритдиновна қалалық іскер әйелдер кеңесінің атаулы көмек көрсету арқылы шешіліп жатқан кейбір мәселелерге жіті тоқталып өтті.





Аталған іс-шаралардың мазмұнды ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтуіне Филология факультетіне қарасты «Гуманитарлық мамандықтар үшін шетел тілі» кафедрасының аға оқытушылары зор үлес қосты. Атап айтқанда, Суюбердиева А.А., Емкулова З.А., Морозова В.Ю., Ормаханова Г.С., Бердаулетова Ш.Ж., Нұрымбетова А.А., Жолдасова М.А., Иманғалиева Д.Б., Сматова А.Е., Калибекова Л.А., Шакиева А.М. және Жанысбаева А.П. ұйымдастырушылық белсенділік танытты.

Бүгінгі еліміздің дамуына өз үлесін белсене қосып жатқан түлектерімізбен әрдайым мақтанамыз. Түлектерімізге асқақ абырой, зор денсаулық, еңбекте шығармашылық табыстар тілейміз!



СУЮБЕРДИЕВА А.,
ЕМКУЛОВА З.,
МОРОЗОВА В.,
Филология факультеті,
«Гуманитарлық мамандықтар үшін
шетел тілі» кафедрасының аға оқытушылары



Меншік иесі: Коммерциялық емес
Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті»
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат
министрілігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі
берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.

Редакциялық кеңес:
Дархан Жұмақанұлы Ахмед-Заки -
М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор
Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен
байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

Медиа орталығының басшысы: Керімқұлова Айгүл
Керімбайқызы
Университет газеті редакторы: Әлия Әділбек
Дизайнер: Заббарова Наилия Ринатовна
Редакция мекенжайы: Шымкент қаласы, Тәуке хан
даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб., gazeta@
auezov.edu.kz